

Бүгінгі күннің тақырыбына

Аяқ астында ҚАЗЫНА ЖАТЫР

ОНСЫЗДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЕҢСЕСІН БАСҚАН МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІ ТОЛҒАНДЫРАТЫН ПРОБЛЕМАНЫҢ БІРІ – ҚОҚЫС ЖАЙЫ. ҚАЛА АУМАҒЫ КЕҢЕЙГЕН САЙЫН ТҰРМЫСТАН ШЫҒАТЫН КҮНДЕЛІКТІ ҚАЛДЫҚТАР ДА КӨБЕЙІП КЕТТІ. БҰЛ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТИПІЗІП ЖАТҚАН ЗИЯННЫҢ МӨЛШЕРІН ЕСЕЛЕЙ ТҮСЕТІНІ БЕЛГІЛІ. МҰНЫ МАМАНДАРДЫҢ КЕЛТІРГЕН МЫНА БІР ДЕРЕКТЕРІНЕН БІЛЕ БЕРІҢІЗ. ЖЕР БЕТІНЕ ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫҢ КӨПТЕП ЖИНАЛУЫ – ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНА, ӨСІМДІКТЕРГЕ, ЖЕРАСТЫ ЖӘНЕ ҮСТІНДЕГІ СУЛАРҒА ДА КЕРІ ӘСЕРІН ТИГІЗЕДІ. ҚОҚЫС ҚҰРАМЫНДА АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТӨНДІРЕТІН БҰДАН ДА ЗОР ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ БІРІ – ФИЛЬТРАТ. ЖЕРАСТЫ СУЛАРЫНА ТҮСЕТІН НАҒЫЗ УЛЫ ЗАТ ОСЫ. ОЛ АЗДАЙ ҚАЛДЫҚТАРДА ДИЗЕНТЕРИЯ, ХОЛЕРА, ТУБЕРКУЛЕЗ СИЯҚТЫ АУРУЛАРДЫ ҚОЗДЫРАТЫН БАКТЕРИЯЛАР ДА ҰЗАҚ УАҚЫТ САҚТАЛАДЫ.

(Толығырақ 3-бетте)



Қолжазбы жазған: Сия Рымалиева

Ұрпақ

«Баламыздың болашағы үшін қорқамыз!...»

БІР КЕЗДЕРІ ҒАЛАМТОР БЕТІНДЕ СПОРТТЫҚ ШАРА КЕЗІНДЕ ГИМН ОРЫНДАУДАН БАС ТАРТҚАН СПОРТШЫЛАРДЫ КӨРІП, ЖАҒА ҰСТАҒАНЫМЫЗ БАР. СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ МҰНДАЙ ОҚИҒАЛАРДЫҢ КӨБЕЙГЕНІ СОНШААЛЫҚ, ТІПТІ ЕТІМІЗ ҮЙРЕНІП КЕТКЕН СЕКІЛДІ. ОСЫ СӨЗІМІЗ ДӘЛЕЛСІЗ ЕМЕС, ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ҚАЙРОЛЛА КӨШҚАЛИЕВ ТЕ СПОРТ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ЖАТ АҒЫМ ӨКІЛДЕРІ БАРЫН ЖАСЫРМАЙДЫ. СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ АТА-АНАЛАР ТАРАПЫНАН ҚОРҚЫНЫШ, КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕР ДЕ ЖОҚ ЕМЕС КӨРІНЕДІ.

(Соңы 2-бетте)



Суреттер интернеттен алынды

Бәрекелді!

«Басқосу CAMR» – белсенді жастар алаңы

Атырау облыстық ішкі саясат басқармасының жастар және әлеуметтік бастамаларды қолдау бөлімі «Басқосу CAMR» алаңында облыстың белсенді жастарының басын қосты. Қоғамда түрлі қырымен танымал жастар қатарында блогерлер, мобилографтар, волонтерлер бар. «Басқосу CAMR» алаңында олар ой-пікірін ортаға салып, жүзеге асырып жатқан жобаларымен бөлісті. Шараға қатысқан «Volunteens», «Helpikeu» қоғамдық ұйымдарының белсендісі Камила Айдосқызының айтуынша, мұндай емен-жарқын кездесулер жастардың

ауызбірлігін арттырып, қоғам үшін пайдалы бастамаларды көтеруге септігін тигізеді.

Ашық алаңдағы шараның қызықты әрі танымды өтуіне, жастардың бір-бірімен жақын танысып, байланыс орнатуларына өңірге белгілі блогер Дария Ерболатқызы мен коуч-тренер Бағлан Маратұлы үлес қосты.

Басқосуда әлемді жайлаған пандемия кезінде халыққа көмектескен, қазір де өз парақшасында қоғамдағы өткір проблемаларды талқылап, шешімін табуына ықпал жасап жүрген Дария Ерболатқызы облыстық ішкі саясат басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.

Мәлике ҚУАНЫШЕВА

Көкейтесті

ЕЛІМІЗДЕ ҚОЙДЫҢ ЖАБАҒЫ ЖҮНІНЕ СҰРАНЫС ЖОҚ, ӨТПЕГЕН ӨНІМДІ ШАРУАШЫЛЫҚТАР АМАЛСЫЗ ҚОҚЫСҚА ТАСТАУҒА МӘЖБҮР. БҮГІНДЕ МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДЕ 600 МЫҢНАН АСТАМ ҚОЙ-ЕШКІ, 30 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТҮЙЕ БАР. ОЛАРДЫҢ ЖҮНІ ТЕККЕ АЯҚАСТЫ БОЛЫП ҚАЛЫП ЖАТЫР. АЛ, АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА 2015 ЖЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА АРҚЫЛЫ САЛЫНҒАН ЖАЛҒЫЗ ЖҮН ӨНДЕЙТІН КӘСІПОРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛМАУЫ САЛДАРЫНАН ҚАҢТАРЫЛЫП ТҰР.

ЖАБАҒЫ ЖҮНГЕ сұраныс жоқ



Қолжазбы жазған: Сия Рымалиева

(Толығырақ 4-бетте)



АТЫРАУ газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу жүріп жатыр

Жазылу бағасы: (теңгемен)

1 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	66424	16424
Жеке тұлғалар үшін	506,20	543,48
Заңды тұлғалар үшін	1044,40	1081,68

3 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	66424	16424
Жеке тұлғалар үшін	1518,60	1630,44
Заңды тұлғалар үшін	3133,20	3245,04

6 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
ИНДЕКС	ҚАЛА	АУДАН
Жеке тұлғалар үшін	66424	16424
Заңды тұлғалар үшін	3037,20	3260,88
	6266,40	6490,08

Анықтама телефоны –
45-86-43

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі.